

**2022 жылдың маусым айының 3-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Маусымның үшінші онкүндігінде еліміздің солтүстік жартысында көбінесе жаздық дәнді дақылдардың өсіп өнуіне қанағаттанарлық жағдай болған, солтүстікте, шығыста және еліміздің батысының кей жерлерінде жауған жауын-шашын атмосфералық және топырақ ылғалдылығын біршама жақсартқан.

Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында зиянкестер мен ауруларға қарсы дәнді дақылдарды гербицидтермен химиялық өңдеуге кіріскен, барлық жерлерде арамшөптердің пайда болуы байқалған.

Республиканың солтүстік жартысында дәнді дақылдар егістіктерінде «түйін тамырының пайда болуы» - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы», ерте себілген егістіктерде - «масақтану» даму фазалары байқалған. Егістіктердің жағдайы көбінесе жақсы, кейбір учаскелерде қанағаттанарлық.

Алматы және Қызылорда облыстарында жаздық бидайдың жағдайы тегіс жақсы. Даму фазасы «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» - «дәннің сүттенуі».

Жамбыл және Түркістан облыстарының бақылау учаскелерінде жаздық арпада «дәннің уыздануы» – «толық пісуі» даму фазалары байқалған, өсімдіктердің жағдайы жақсы. Жамбыл облысының Қордай агропосты маңайындағы жеке учаскелерде егін жинау жұмыстары басталған.

Күздік бидай себілетін аудандарда астықтың толуына және толық пісуіне, сондай-ақ егін жинау жұмыстарының басталуына қолайлы жағдайлар болған. Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында күздік бидай «дәннің сүттенуі» – «толық пісуі» кезеңдерінде. Өсімдіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы, арамшөптер жиі кездеседі, кейбір жерлерде егін жинау жұмыстары басталған.

Елдің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында жылу сүйгіш дақылдардың (жүгері, күріш, мақта, қант қызылшасы, соя) жағдайы өте жақсы және жақсы. Дақылдарды себу, қопсыту және вегетациялық суару жалғасуда, соя мен қант қызылшасы дақылдарын өсу реттегішімен өңдеу басталған.

Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының бақылау учаскелерінде картоп отырғызу қолмен қопсыту және түптеу, зиянкестер мен ауруларға қарсы улы химикаттармен өңдеу, сондай-ақ қопсыту және вегетациялық суару жалғастырылуда. Егістіктердің жағдайы барлық жерде өте жақсы және жақсы.

Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында күнбағыстың жағдайы өте жақсы және жақсы, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында қатар аралықтарын қопсытуға, арамшөптерге қарсы

гербицидтермен және зиянкестер мен ауруларға қарсы улы химикаттармен өңдеуге кіріскен.

Алматы облысының Есік және Жамбыл облысының Саудақент станцияларының маңайларындағы алма бақтарында суару жұмыстары басталған, жеміс дақылдарының жағдайы жақсы.

Оңтүстік облыстарда жоңышқа мен беде шөптерінің 2-ші шабылуы басталған, шөптердің өсуі мен вегетациялық суаруы, солтүстік облыстарда еркек шөпті жинау жалғасуда.

Өткен онкүндікте жайылымдық мал шаруашылығының басым аумағында ауа райы ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы болған, мал жаю барлық жерде жүргізілген.

Жайылымдарда көбінесе шөптердің жағдайы жақсы, жауын-шашын мен жылы ауа-райы шөптердің өсуіне ықпал еткен. Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында жайылымдар тапталмаған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы және Жамбыл облысының Талас ауданындағы жайылымдар қатты тапталған.

Шымның жағдайы көбінесе құрғақ, кей жерлерде дымқыл.

Жамбыл және Түркістан облыстарында топырақтың өнімді ылғал қоры оңтайлы, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында оңтайлыдан жеткіліксізге дейін, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында жеткіліксіз, республиканың қалған аумағында топырақтың ылғалдану жағдайы қанағаттанарлықтан жеткіліксізге дейін болып қалыптасқан.